



Бекітемін

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қабылдау комиссиясының төрағасы

Түймебаев Ж.Қ.

2022 ж.

**Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің дайындық бөліміне түсу үшін Ауғанстандық тапкерлерді конкурстық іріктеу**

## **БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **1. Жалпы ереже**

1.1 Бағдарлама Жоғары және жоғары білмен кейін білім беретін ұйымдардың дайындық бөлімдері қызметін ұйымдастыру Ережелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің (ҚР БЖҒМ) 2011 ж. 30 желтоқсанындағы №554 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар), ҚР БЖҒМ мен Ауғанстан Ислам Республикасының Білім Министрлігінің арасында өзара түсіністік туралы меморандумға (17.08.2017 ж.) сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік қағидаға сәйкес жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің дайындық бөліміне түсу үшін іріктеу конкурсы талапкердің *бейінді пәндерден дайындығын тексеруден және болашақ таңдайтын мамандығына бейімділігін анықтаудан* тұрады:

- бакалавр академиялық дәрежесіне үміткерлерлер математика, дүниежүзі тарихы және ағылшын тілі пәндерінен тест сұрақтарын орындайды.

- талапкерлердің болашақ таңдайтын мамандығына бейімділігін анықтау сұрақтар негізіндегі сұхбаттасу арқылы өтеді.

Жалпы дайындық деңгей және бейінді пәндер бойынша іріктеу конкурсында жинаған ұпай қосылып есептеледі: тесттер нәтижесі + жалпы дайындық деңгей ұпайы = қорытынды ұпай. Талапкерлерге жауап беру үшін 10-15 минут беріледі.

1.3 Талапкерлерді конкурстық іріктеу 2022 жылдың 16-20 мамыр аралығында онлайн форматта ZOOM платформасында өтеді.

1.4 Талапкерлерді іріктеу конкурсына құжаттарды қабылдау 2022 жылы 10 мамырдан 15 мамыр аралығында электрондық нысанда (скан) [erbol.tileuberdi@kaznu.edu.kz](mailto:erbol.tileuberdi@kaznu.edu.kz) электронды почтасы арқылы жүзеге асырады.

1.5 Іріктеу конкурсын ұйымдастыру және өткізу үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (әрі қарай – ҚазҰУ) ректорының бұйрығымен конкурстық іріктеу өткізу кезеңінде конкурстық іріктеу комиссиясы құрылады. Комиссия ҚазҰУ оқытушы-профессор құрамы қатарынан жасақталады.

1.6 Конкурстық іріктеу өту кестесін (іріктеу өткізу нысанын, күнін, уақытын және өткізілетін орны мен платформасын) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университеттің ресми сайтында [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) жарияланады.

1.7 Талапкерлер іріктеу конкурсына жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсеткен жағдайда кіргізіледі.

1.8 Талапкерлерге іріктеу сынағы басталғанға дейін іріктеу сынағы материалдары беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ іріктеу конкурсының басталу және аяқталу уақыты, жауап беру регламенті, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі керсетіледі.

1.9 Іріктеу сынағын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.10 Іріктеу конкурсын өткізу қорытындылары - бағалау парағымен, рұқсат беру парағымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді.

1.11 Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен іріктеу конкурсын өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті іріктеу конкурсына қатысушы тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында құрамы төрағасын қосқанда так саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.12 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына іріктеу конкурсына қатысқан тұлға өзі береді, апелляция іріктеу нәтижесі жарияланғаннан кейінгі сағат 13.30-да дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

1.13 Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық өтініш негізіндегі өтінішке оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі. Іріктеу конкурсының нәтижелерімен келіспеу туралы апелляцияға қатысты шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляция комиссиясының дауысы тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

1.14 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3 топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдар (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін іріктеу конкурсында пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің көмегіне сүйене алады.

## **2. Конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі**

Іріктеу конкурсы ҚазҰУ шешімімен ZOOM платформасында онлайн форматта қабылданады.

Іріктеу сынағы өткізілетін күндер – 2022 жылдың 16-20 мамыр аралығы. Іріктеу сынағын факультет оқытушылары қабылдайды. Комиссия құрамы төрағадан, комиссия мүшелері мен хатшыдан тұрады. Комиссия хатшысы хаттаманы жүргізеді. Хатшы конкурстық іріктеу комиссиясының жұмысына араласа алмайды.

Бакалавр академиялық дәрежесіне үміткерлердің білім деңгейін анықтау үшін математика, дүниежүзі тарихы және ағылшын тілі пәндерінен жалпы 30 тест (әр пәннен 10 тесттен) орындауы тиіс.

Сұхбаттасу кезінде талапкер іріктеу комиссиясының жалпы танымдық сұрақтарына жауап беру арқылы өзінің жан-жақты ой-өрісін байқатуы тиіс. Сұхбаттасу әрбір талапкермен жеке, еркін диалогтық түрде жүргізіледі. Сұрақтар мен жауап бағалары хаттамаға енгізіледі.

Бұл кезеңдердегі негізгі міндет – талапкердің дүниетанымдық, ізденімпаздық қабілеттерімен терең танысу, оның кәсіби бағдарын, жалпы танымының деңгейін байқау.

Комиссия сұхбаттасудың қорытынды бағасы бойынша алқалық шешім қабылдайды, қажет болған жағдайда айрықша ескертулер жасайды.

Үміткерлерді қабылдау бойынша ең жоғары жалпы балл саны – 100.

Тесттерде әр пәннен 2-ден кем балл жинаған үміткер сұхбаттасуға қатыса алмайды. Жалпы қорытынды бойынша 50 баллдан кем алған немесе сұхбаттасуға келмеген талапкерлер іріктеу конкурсынан өтпеді деп есептеледі.

Сұхбаттасуды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Ережеде реттелмеген кейбір мәселелер осы бағдарламаға сәйкес шешіледі.

### 3. Конкурстық іріктеуді бағалаудың көрсеткіштері

Дайындық бөліміне түсу жарамдығын анықтау үшін жалпы білім деңгейін тексерудің баллдық жүйесі

Балл саны	Әріптік баға	Баллдың сандық эквиваленті	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
90-100	A	«5»	«өте жақсы»
71-89	B	«4»	«жақсы»
50-70	C	«3»	«қанағаттанарлық»
0-49	F	«2»	«қанағаттанарлықсыз»

- 90-100 ұпай – («өте жақсы») комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толыққанды, тыңғылықты, нақты дәлел-мысалдармен аргументтеп, жатық әрі сауатты жауап берген талапкерге қойылады.

- 70-89 ұпай – («жақсы») комиссия мүшелері қойған сұрақтардың басым бөлігіне дұрыс жауап берген, таңдаған мамандығының мәнін біршама ұғына алатын талапкерге қойылады.

- 50-69 ұпай – («қанағаттанарлық») комиссия мүшелері қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап бере алмаған, сұрақтан ауытқып сұраққа қанағаттанарлық жауап берген талапкерге қойылады.

- 0-49 ұпай төмен («қанағаттанарлықсыз») – комиссия мүшелері қойған сұрақтарға жауап бере алмаған, таңдаған мамандығы туралы хабарының мүлдем жоқ екендігін аңғартқан, таным ауқымы тар талапкерге қойылады.

#### 1) Математика пәні бойынша үлгілік тақырыптар:

- Координаталық жазықтықтағы нүктелерді анықтау.

- Вектор ұзындығын анықтау және скаляр көбейтінді
- Функцияның түрін анықтау, функцияны зерттеу
- Параллелограммның диагоналын анықтау
- Қисықсыздықты трипацияның ауданын табу
- Функцияның алғашқы функциясын анықтау
- Үшбұрыш ауданын табу
- Функция туындысын анықтау
- Кеңістіктегі фигуралардың көлемін анықтау
- Дәрежелік және логорифмдік функция

**2) Дүниежүзі тарихы пәні бойынша үлгілік тақырыптар:**

- Ежелгі дүние тарихы туралы түсінік
- Ортағасырлық Азия туралы түсінік
- Африка тарихы туралы жалпы түсінік
- Ортағасырлық Еуропа тарихы туралы түсінік
- Жаңа заман Еуропа туралы түсінік
- Америка тарихы туралы жалпы түсінік
- Жаңа заман Азия тарихы туралы түсінік
- Қазіргі заман Еуропа туралы түсінік
- Қазіргі заман Азия тарихы туралы түсінік

**3) Ағылшын тілі пәні бойынша үлгілік тақырыптар:**

- Осы аяқталған шақ
- Өткен ырықсыз етіс
- Күрделі толықтауыш
- Инфинитив (Тұйық етістік) және Герундий
- Модальді етістік
- Есімше I және II
- Күрделі баяндауыш
- Шартты сөйлем
- Қалау райы
- Өткен шақтағы әдеттерге дағдылану конструкциясы

**4) Сұхбаттасу тақырыптары:**

- Талапкерлердің өмірбаяны (ұстанымдары, қызығушылығы және т.б.);
- Талапкердің таңдаған мамандығына бейінділік деңгейі;
- Талапкердің таңдаған мамандығының қоғамдағы орны мен маңызы;
- Білім және ғылымның қоғамдағы орыны мен маңызы;
- Әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі мен еңбектері;
- Қазақстан туралы не білесіз? Тарихы мен мәдениеті туралы баяндаңыз;
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті туралы не білесіз?
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру жүйесіндегі орыны;
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі факультеттер мен білім беру бағдарламалары.